



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

30.10.2019 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А. Ұ. Маминге**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Біздің депутаттық сауалымыз сайлаушылармен өткізілген кездесулер барысында мемлекеттік тілге қатысты бірқатар мәселелердің көтерілуі болып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2025 жылға дейін барлық қазақстандықтардың 95 пайызы мемлекеттік тілді меңгереді деген міндетін жүзеге асыру үшін тілдік құрылымдарды сақтауға тиіспіз.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының және Мемлекеттік бағдарлама міндеттерін іске асыру үшін облыстық және республикалық дәрежедегі әкімдіктерде Тілдерді дамыту басқармалары және соларға қарасты тілдерді оқыту орталықтары құрылған болатын.

Алайда қазір бірнеше облыста Тілдерді дамыту басқармалары өзге басқармаларға қосылып, тілдерді оқыту орталықтары жабылып, мемлекеттік емес секторға өтіп жатыр. Ақмола, Қызылорда облыстық Тіл басқармалары Ішкі саясат басқармасының құрамына енгізілген. Нұр-Сұлтан қаласында Тілдерді дамыту мен архив ісі басқармалары біріктірілген. Павлодар және Маңғыстау облыстарында тіпті мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармалары қосылып кеткен. Алматы қаласында басқарма мүлде жойылып, қазіргі кезде қала әкімі аппаратында бірнеше маман ғана жұмыс істейді. Сондай-ақ Атырау, Түркістан облыстарында, Шымкент қаласында Тіл басқармалары мүлдем жоқ. Латын әліпбиі қазақтілді ортаға енгізіледі десек,

онда бұл өңірлерде тілдік реформаны жүргізу үлкен кедергілерге ұшырайды. Тіл орталықтарында да жағдай осындай.

Президент Қ.К.Тоқаев өз жолдауында: *«Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін»* деген болатын. Мемлекеттік тілдің барша қазақстандықтардың ортақ тіліне айналуында Тіл басқармалары мен орталықтары шешуші рөлге ие болып еді. Оларды жабу қаржылық жағынан да ақталатын қадам емес. Біз осындай әрекеттер арқылы тіл саясатын, қоғамдағы тұрақтылықты сақтау сияқты стратегиялық факторларды есепке алмасақ, оның жаңғырығы бюджет үнемдеуден де зор болмақ. Президент жолдауында: *«Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн»* - деді. Президент жолдауындағы тіл мәселесіне қатысты: *«...бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек»* – деген міндетін қалай орындамақпыз? Тіл саясатын жүзеге асыратын арнайы құрылымдар болмайтын болса, нағыз даңғаза сол кезде болмай ма?! Президент сөзіндегі *«жұмылу»* міндетін атқаратын Тіл басқармалары мен орталықтары емес пе?!

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, жоғарыдағы жағдайды түсіністікпен қарай отырып, мәселенің өзектілігін ескеріп, мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жұмыстарды жүргізетін Тілдерді дамыту басқармалары мен тілдерді оқыту орталықтарының дербес қызмет жасауын қамтамасыз ету үшін тиісті шара қолдануыңызды, депутаттық сауалға «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
«Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Ф. Қаратаев
Қ. Сұлтанов
Н. Сабильянов
С. Ахметов
Н. Әлтаев
Н. Әлімжанов
Н. Әшімбетов
Е. Бектұрғанов**

Б. Жылқышиев

Қ. Ержан

У. Қайназаров

М. Махамбетов

Ш. Өтемісов

А. Бектұрғанов

С. Қаныбеков

А. Қожахметов

Ж. Дүйсебаев

*Орын. Әуенов Ө.Ө.
тел: 74-63-56*